

«Кристалды оптика және петрогенді минералдар» пәні бойынша біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы

Микроскопиялық әдіс – бұл «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау» саласындағы мамандардың негізгі зерттеу нысаны болып табылатын тау жыныстары мен кендердің минералдарын зерттеудің және анықтаудың негізгі әдісі.

Курстың мақсаты – студенттерді поляризациялық микроскоппен тиімді жұмыс істеуге үйрету және оның көмегімен тау жыныстарының минералды құрамы мен құрылысын анықтау.

- Курстың бағдарламасы:
- Кристалды-оптикалық әдістің негіздері, табиғи және полярлы жарық, микроскоптың құрылысы, поляризатор мен анализатор арасындағы айырмашылық.
- Өтпелі жарықта полярлы микроскопты қолдану.
- Минералдардың микроқұрылысы мен микротекстурасына, әртүрлі магмалық, шөгінді және метаморфтық тау жыныстарына микроскоп арқылы диагностика жасау.
- Оптикалық индикатриса құру принциптері және оптикалық индикатрисаларды әртүрлі сингониялы минералдардың кристалдық торына сәйкес құрып үйрену.
- Минералдардың оптикалық қасиетін параллельді және тоғысқан никольдерде коноскопиялық әрі иммерсиондық әдістер арқылы анықтау;
- Петрогенді минералдарды полярлы микроскоптың көмегімен анықтау.
- Полярлы микроскоптың көмегімен тау жыныстарының минералды құрамы мен құрылысын анықтау, оларға петрографиялық сипаттама жасау.